

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына жеке санаттағы азаматтарға біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 21 сәуірдегі N 173 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 сәуірде N 13-11-174 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 594 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2010.12.23 N 594 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Заңының 20-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі санаттағы азаматтарға Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына біржолғы материалдық көмек (одан әрі – біржолғы материалдық көмек) **к ө р с е т і л с і н :**

Ұлы Отан соғының қатысушылары мен мүгедектеріне – 20 айлық есептік **к ө р с е т к і ш** **м ө л ш е р і н д е ;**

жәрдемақылары және кепілдемелері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға (интернационалист жауынгерлер және техногенді апаттарды жою салдарына қатысқандардан басқа) – **5 0 0 0** **т ең г е** **м ө л ш е р і н д е ;**

жанкешті еңбегі және Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы ССР Одағының ордендері мен медальдарымен марапатталған тұлғалар, сондай-ақ 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейін алты айдан кем емес жұмыс істеген (қызмет еткен) тұлғаларға – **2 0 0 0** **т ең г е** **м ө л ш е р і н д е ;**

бірдей киімдер үлгісін алуға, Астана және Москва қалаларына салтанатты шараларына қатысу үшін жіберілген ардагерлер делегациясы мүшелеріне – **7 5 0 0 0** **т ең г е** **м ө л ш е р і н д е .**

2. Біржолғы материалдық көмек жергілікті бюджет қаражатынан «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға, 1941

жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 3 қыркүйегіне дейін әскери бөлімдерде, мекемелерде, әскери қызмет құрамына кірмейтін әскери-оқу мекемелерінде запасқа (отставкаға) кеткен, «1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдары Германиядағы Жеңісі үшін» медалімен немесе «Жапониядағы жеңісі үшін» медалімен марапатталғандар, Ұлы Отан соғысы жылдары алты айдан кем емес жұмыс істеген тұлғаларға, қызмет еткендерге Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына біржолғы материалдық көмек көрсету» 451-020-015 бағдарламасы бойынша төленеді.

3. «Тайынша ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі біржолғы материалдық көмектің тағайындалып, төленуін қамтамасыз етсін.

4. «Тайынша ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі аудан бюджетімен бекітілген жылға қаржы бөлуді жоспарлау шегінде біржолғы материалдық көмекті қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Е.Қ. Жароққа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Маковский